«ЖАСЫЛ ДАМУ» АҚ 2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

RE
DUCE
USE
CYCLE

«Жасыл даму» АҚ негізгі қызмет бағыттары

«Жасыл даму» АҚ Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазақ экология және климат ғылыми-зерттеу институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 26 шілдедегі № 978 қаулысына сәйкес құрылды.



БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын үйлестіру және іске асыру жөніндегі ЭТРМ қызметін техникалық және консультациялық қамтамасыз ету



Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қағидатын іске асыру
2022 жылдан бастап



БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының Киото хаттамасымен реттелетін климаттың өзгеруі мен парниктік газдар шығарындылары және қауіпті қалдықтарды басқару саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі



Сот шешімімен республикалық меншікке өткен иесіз қалдықтарды басқару

Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі



«Жасыл даму» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы,
ҚР Экология және табиғи ресурстар вице-министрі
Н. Шарбиев

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Сіздерді Жасыл даму Акционерінің және Директорлар кеңесінің атынан құттықтай отырып, назарларыңызға 2023 жылға арналған Жылдық есепті ұсынамын.

Өткен жылды 2022 жылы басталған «Жасыл даму» компаниясының трансформациясының жалғасы ретінде сипаттауға болады.

2023 жылы көптеген заңнамалық және нормативтік актілерге талдау жасалды, оның нәтижелері бойынша заңнамалық базаны одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар топтамасы әзірленді.

Қоғам операторы болып табылатын ӨКМ бағыты қалдықтарды қайта өңдеу мен кәдеге жарату саласын жетілдіруге мүмкіндік беретін экологиялық механизм болып табылады. Мәселен, Қазақстандағы ӨКМ қағидатының арқасында 2016 жылдан бастап - өңірлерде бөлек жинауды енгізу, контейнерлер сатып алу, қалдықтарды қайта өңдеу бойынша инфрақұрылымды дамыту, халық арасында экологиялық мәдениетті насихаттау және арттыру есебінен - ҚТҚ өңдеу үлесі 2%-дан 24%-ға дейін ұлғайды.

ҚТҚ өңдеуді және дайын өнім алуды дамыту үшін жоғары сапалы қайталама шикізат қажет. Ол үшін ҚТҚ жинауды, тасымалдауды және терең сұрыптауды ұйымдастыру сияқты барлық оған дейінгі технологиялық операцияларды жолға қою қажет.

Үкімет қалдықтарды басқару саласындағы қоқыс таситын көліктерді, сұрыптау желілерін және қайта өңдеу қуаттарын сатып алу сияқты жобаларды жеңілдікпен қаржыландыру тетігін бекітті. Қаржыландыру 3% сыйақы мөлшерлемесімен және 3 жылдан 15 жылға дейін қарыз беру мерзімімен Өнеркәсіпті дамыту қоры арқылы көзделген. Бөлінетін қаражаттың жалпы көлемі 3 жылға шамамен 200 млрд. теңгені құрайды.

Жалпы, Акционер Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі атынан Жасыл даму қызметінің нәтижелерін қойылған негізгі көрсеткіштерді, оның ішінде қаржылық көрсеткіштерді орындау тұрғысынан оң бағалайды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша таза пайда 28 млрд теңгеден асты, республикалық бюджетке 29 млрд теңгеден астам мөлшерде КТС төленді және мемлекетке 19,6 млрд теңгеден астам сомада дивидендтер төленді.

Сонымен қатар, Жасыл даму өз қызметін одан әрі дамытуды мақсат етіп отыр. Ағымдағы жағдайларды ескере отырып, Директорлар кеңесі қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруге және қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған 2023-2027 жылдарға арналған Даму стратегиясын әзірледі және бекітті. Қазір Жасыл дамуда болып жатқан өзгерістер экологиялық мәселелерді шешуде тиімділікті арттыруға, қоршаған ортаның сапасын жақсартуға және қалдықтарды басқару жүйесін дамытуға жағдай жасайтынына сенімдімін.Қорытындылай келе, Жасыл даму командасына, серіктестеріме және әріптестеріме Қазақстан экономикасының тұрақты дамуы жолында қойылған барлық мақсаттарды табысты іске асыруға тілектеспін.

Басқарма Төрағасының үндеуі



«Жасыл даму» АҚ
Басқарма төрағасы
Е. Сәрсенбай

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Бұл есепте біз сіздермен жетістіктерімізбен бөліскіміз келеді.
2023 жылы біздің компания келесі бағыттар бойынша жұмысын жалғастырды:

- Қазақстанның парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі халықаралық міндеттемелерін орындау;
- Қазақстан БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының хатшылығына ұсынатын жыл сайынғы Ұлттық баяндаманы әзірлеу;
- қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу бойынша ауқымды шаралар жүргізу, нәтижесінде Маңғыстау облысында 120-дан астам түрлі қауіпті қалдықтар жойылды.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ («Бәйтерек» мемлекеттік холдингінің еншілес компаниясы) арқылы қайтарымды негізде жобаларды қаржыландыруға жұмсалатын ақшаның жалпы сомасы 470 млрд теңгені құрайды.
2024 жылы жүзеге асырылатын, қоршаған ортаға оң әсерін тигізетін маңызды нәтижелердің бірі қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару мәселелерін шешуге қаражат бөлу. Ел Үкіметі бірінші кезекте зауыттар мен сұрыптау желілерін салуға және жаңғыртуға, Қазақстан өңірлері үшін қажетті техниканы сатып алуға бағытталған жобаларды жеңілдікпен қаржыландыру механизмін айқындады. Жергілікті атқарушы органдармен және кәсіпкерлермен кездесулер өткізіліп, қалдықтарды басқару саласындағы инвестициялық жобаларға бастамашылық жасалды. Нәтижесінде осы саладағы келешегі зор жобалардың тобы анықталды. Оларды жүзеге асыру 2024 жылы басталады.
Сондай-ақ, кәдеге жарату төлемдері есебінен 13,3 мыңнан астам қазақстандық отбасы жаңа отандық автокөліктер сатып алғанын, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен автотасымалдаушылар 1,6 мыңнан астам отандық ауыл шаруашылығы техникасын және 225 бірлік автобустарды жеңілдікті шарттармен сатып алуға мүмкіндік алғанын атап өткім келеді.
Біздің Қоғамның қызметіне қызығушылық танытқаныңыз үшін алғыс айтамыз. Біз бірлесіп жұмыс істей отырып, қоршаған ортаны жақсартуды жалғастыра алатынымызға және мемлекеттік экологиялық саясатты жүзеге асыруға өз үлесімізді қоса алатынымызға сенімдіміз!


Қоғам туралы

Қоғамның **Жалғыз акционері ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі** атынан мемлекет болып табылады

2022 жылғы 15 желтоқсанда ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі номиналды құны 1 000 теңге болатын **1 000 000 жай акциялар** санында Қоғамның жарияланған акцияларының шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүргізді (тіркеу куәлігі № 0000408 С сериясы, ISIN коды – KZT1C00006980)



2023 жылғы 6 қаңтарда ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің №9 бұйрығы негізінде **акционерлік капиталды 130 560 мың теңгеге ұлғайту** туралы жарияланды. Осы бұйрық шеңберінде Қоғамның акцияларын төлеу есебіне «ӨКМ операторы» ЖШС қатысу үлесінің 100 пайызы берілді



Миссия, көзқарас және стратегиялық бағыттар

Қоғамның 2023-2027 жылдарға арналған **Даму стратегиясы Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 24 қарашадағы шешімімен бекітілді**

01

МИССИЯ

Қалдықтарды кешенді басқару жүйесін дамыту, оның ішінде циркулярлық экономиканы дамытуға байланысты жағдайлар жасауға бағытталған мемлекеттік экологиялық саясатты іске асыруға жәрдемдесу

02

КӨЗҚАРАС

Қоршаған ортаны сақтауға бағытталған өндіру, бөлу және тұтыну тәсілдеріне жедел көшуді қамтамасыз ететін көпшілік қоғамға ашық ұйым

03

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

- ӨКМ қолданылатын өнімдердің (тауарлардың) қалдықтарын басқару жүйесін жетілдіру
- Қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру
- Қоғамның операциялық қызметін жетілдіру



2023 жылы кәдеге жарату төлемі енгізілген КҚ және АШТ, бірл.



2023 жылы барлық өтінімдер app.recycle.kz ақпараттық жүйесі арқылы берілді.
Оператор импортталған және ел аумағында шығарылған КҚ және АШТ бойынша кәдеге жарату төлемін енгізу туралы **292 043 сертификат берілді**, бұл 2022 жылғы ұқсас көрсеткіштен 123 970 сертификатқа немесе 73%-ға артық

Санат	Өндіріс	Импорт	Барлығы
M1	128 102	111 750	239 852
M1G	238	11 848	12 086
M2	806	393	1 199
M2G	111	34	145
M3	2 458	1 156	3 614
M3G	131	20	151
N1	3 341	2 037	5 378
N1G	2 209	3 998	6 207
N2	770	850	1 620
N2G	64	80	144
N3	431	10 376	10 807
N3G	1 098	2 638	3 736
COMBAIN	744	249	993
TRACTOR	4 515	1 596	6 111

2023 жылы олар үшін кәдеге жарату төлемі енгізілген өнімдер

ЖАСЫЛ ДАМУ

2023 жылы жалпы салмағы 368 мың тоннаға жуық 300 842 позиция мөлшерінде ӨКМ тарайтын өнімге (тауарларға) кәдеге жарату төлемін енгізу туралы 26 258 сертификат берілді

Өнім топтары	Салмағы, тонна
Каучук, резеңке және олардан жасалған бұйымдар.	91 247,49
Электр аккумуляторлар және оларға арналған сепараторларды қоса алғанда	7 882,60
Битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикізаттан басқа) және басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген, құрамында 70 массалық пайыз немесе одан көп мұнай немесе битуминозды жыныстардан алынған мұнай өнімдері бар өнімдер, бұл ретте құрамында биодизель және пайдаланылған мұнай өнімдері қоспағанда, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады	85 276,42
Өзге де химия өнімдері	15 206,13
Полимер, шыны, қағаз, картон, металл орамалары, құрамдастырылған материалдардан жасалған орама	136 229,41
Пластмассадан жасалған асхана және ас үй ыдыстары, асхана және ас үй жарақтары, үй тұрмысына қажетті және гигиеналық немесе дәретханаға арналған басқа да заттар	952,84
Иллюстрацияланған немесе иллюстрацияланбаған, құрамында жарнама материалы бар немесе жоқ газеттер, журналдар мен өзге де мерзімді басылымдар	0,06
Қолдан жасалған, жылтырлатылмаған, хат жазу, баспа немесе басқа да графикалық мақсаттарда пайдаланатын қағаз және картон	960,15
Бастапқы элементтер және бастапқы батареялар	5,49
Бағытталған жарықтың герметикалық шамдарын, сондай-ақ ультракүлгін немесе инфрақызыл шамдар, құрамында сынап бар, доғалы шамдарды қоса алғанда, электрлік немесе газ разрядты қыздыру шамдары	12,47
Құрамында сынап бар медициналық немесе ветеринариялық термометрлер	2,77
Ірі габаритті электр және электрондық жабдық	8 617,43
Жылу тасығыштары бар электр және электрондық жабдық	10 553,66
Экрандармен және мониторлармен жабдықталған электрлік және электрондық жабдықтар	3 202,82
Ұсақ габаритті электр және электрондық жабдықтар	7 648,96
Шағын ақпараттық электр және электрондық жабдықтар	191,45
БАРЛЫҒЫ	**367 990,15**

ҚР парниктік газдар шығарындыларының сауда жүйесі

Қазақстан Республикасы 2016 жылдың 2 тамызда Париж келісіміне қол қойып, оны сол жылғы 4 қарашада ратификациялады.
Париж келісімінің барлық тараптарының парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі өз міндеттемелері бар.
Қазақстан өзінің алдына 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 1990 жылғы деңгейден 15%-ға қысқарту жөнінде үлкен мақсат қойды.

2023 жылы Қазақстан Республикасында парниктік газдар шығарындыларының сауда жүйесін сүйемелдеу бойынша келесі іс-шаралар орындалды

- ҚР парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу, көміртегі офсетін мақұлдау және офсеттік бірліктер беру, валидациялау мен верификациялауды жүргізу процедурасы, сондай-ақ көміртегі бірліктерін сату бөлігінде жетілдіру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар дайындалды
- Көміртегі квоталарының бірліктерін алу бойынша есептеулер жүргізілді және көміртегі квоталарының бірліктерін алу мақсатында 2022 жылы квоталанатын қондырғылардың өнімін өндіру көлеміне талдау жүргізілді
- 2022-2025 жылдарға арналған көміртегі квоталарының Ұлттық жоспарына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар дайындалды
- 2024-2025 жылдарға арналған көміртегі квоталарының көлемі қайта есептелді. ҚР ЭТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті шығарған көміртегі квоталары негізінде квоталау субъектілерінің категориясына өтетін әкімшілік субъектілеріне қатысты мәліметтер ескеріле отырып, бұл кәсіпорындар 2024 жылдан бастап Көміртегі квоталарының ұлттық жоспарына енгізілді. Қазіргі уақытта 2024-2025 жылдарға арналған Көміртегі квоталарының ұлттық жоспарына енгізілген қондырғылардың саны 212 құрайды
- Жұртшылықпен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді, «Қазақстан Республикасының парниктік газдар шығарындыларының сауда жүйесі», «ҚР шығарындыларының сауда жүйесі мәселелері жөніндегі заңнамасы», «ҚР парниктік газдар шығарындыларының сауда жүйесі. Көміртегі квоталарының мәселелері» атты аралас форматтағы семинарлар өткізілді
- 2022-2025 жылдарға арналған Көміртегі квоталарының ұлттық жоспары аясында 2022 жылға арналған көміртегі квотасының бірліктерін бөлу бойынша аналитикалық ақпарат дайындалды, берілген қосымша квоталар жайында ақпарат Қоғамның сайтында жарияланды

Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу

Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімінің негізгі функциялары айналысқа енгізілген, сақтауда тұрған, берілген, сатып алынған, резервке қойылған, бұғатталған, жойылған, өтелген, айналымнан алынған көміртегі бірліктерін дәлме-дәл есепке алуды қамтамасыз ету, сондай-ақ басқа да ұлттық тізілімдермен деректер алмасу болып табылады.

Бір көміртегі бірлігі 1 тонна CO^2-эквивалентіне тең

2023 жылы Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу бойынша келесі жұмыстар жүргізілді:

- қондырғы операторларының шоттарына көміртегі квоталарының қосымша көлемі есептелді: 66 қондырғы операторларына
- жаңа қондырғылар үшін шоттар ашылды және көміртегі квоталарының бірліктері есептелді: 8 жаңа қондырғы үшін ашылды
- квоталау субъектілері 2022 жылға көміртегі квоталарын (көміртегі бірліктерін) өтеді. Есепті кезеңде Тізілімде көміртегі бірліктерін квоталау субъектісінің тиісті шотынан есептен шығару және Тізілімдегі квоталарды өтеу шотына есепке алу жолымен айналымнан алу бойынша жұмыстар жүргізілді. Бұл жұмыстар қосымша көміртегі квотасын алуды, көміртегі квоталарын өз қондырғылары арасында қайта бөлуді және қайталама көміртегі нарығында көміртегі квоталарын сатып алуды ескере отырып жүзеге асырылды. Өтеуге берілген көміртегі квоталарының жалпы саны – 154 743 826 бірлік
- Сауда-саттық қорытындысы бойынша қондырғы операторларының шоттары арасында көміртегі бірліктерін аудару жүргізілді: 49 мәміле жасалды
- Қондырғылар арасында көміртегі бірліктерін тасымалдау жүзеге асырылды
- 119 қондырғы операторынан көміртегі квоталарын алу рәсімдері аяқталды
- Мемлекеттік тізілімді пайдаланушыларға кеңес беру қолдауы көрсетілді

Иесіз қауіпті қалдықтарды басқару

ҚР Экологиялық кодексінің 340-бабының 5-тармағына сәйкес соттың шешімі бойынша республикалық меншікке өткен иесіз қауіпті қалдықтарды (ИҚҚ) басқаруды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымы жүзеге асырады.

2023 жылы 037 «Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту» бюджеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Маңғыстау облысының Ақтау қаласындағы бұрынғы Ақтау пластикалық массалар зауытының аумағында орналасқан 103 «Табиғи және техногендік ластануларды жою» кіші бағдарламасы бойынша ҚР ЭТРМ мен Қоғам арасында иесіз қауіпті қалдықтарды (химиялық қалдықтарды, материалдарды, реагенттерді, шикізатты) кәдеге жарату және (немесе) жою бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды.







Көрсетілген қызметтердің қорытындысы бойынша Қоғам Маңғыстау облысының Ақтау қаласындағы АПМЗ аумағында орналасқан 121 иесіз қауіпті қалдықтарды (химиялық қалдықтар, материалдар, реагенттер, шикізат) кәдеге жаратты және (немесе) жойды.

Операциялық және қаржылық көрсеткіштер


2023 жылдың қорытындысы бойынша:

Таза пайда 28 млрд теңгеге жетті.

49,8 млрд теңге республикалық бюджетке аударылды, оның ішінде:

- КТС 29 млрд теңгеден астам
- дивидендтер 19,6 млрд теңгеден астам


Активтері мен міндеттемелерінің өзгеріс динамикасы, млн теңгемен



2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қоғамның біріктірілген активтерінің көлемі 305 530 млн теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 102 % артық.

Есепті кезеңнің соңында Қоғамның біріктірілген міндеттемелерінің көлемі 283 806 млн теңге құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 76 % өсті.


Меншікті капиталының өзгеріс динамикасы, млн теңгемен



2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қоғамның біріктірілген меншікті капиталы 21 724 млн теңгеден асты, бұл 2022 жылдың сәйкес көрсеткішінен жоғары.

Қоғамның меншікті капиталының теріс мөлшері 2022 жылы «ӨКМ Операторы» ЖШС-ның активтерімен салыстырғанда берілген міндеттемелер сомасының асып кетуіне байланысты пайда болды

Таза табыстың өзгеріс динамикасы, ROA, ROE



Активтер құнының бірлігіне шаққандағы пайда мөлшерін көрсететін ROA көрсеткіші 9,2% құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 1,5 есе көп.

ROE көрсеткіші меншікті капитал құнының бірлігіне шаққандағы пайда мөлшерін, яғни салынған капиталдың қаншалықты тиімді пайдаланылғанын көрсетеді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша ROE көрсеткіші 129,2% құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштерден де жоғары.

Негізгі маңызды оқиғалар мен жетістіктер

Кәдеге жарату төлемдері есебінен 13,3 мыңнан астам қазақстандық отбасы жаңа отандық автокөліктер сатып алды, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен автотасымалдаушылар 1,6 мыңнан астам отандық ауыл шаруашылығы техникасын және 225 бірлік автобустарды жеңілдікті шарттармен сатып алуға мүмкіндік алды

«ӨКМ Операторы» ЖШС жарғылық капиталына 100% қатысу үлесін Қоғамға беру

Кәбелді-өткізгіш өнімдер өндірісін ынталандыруды болдырмау

2023-2027 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекіту

Қаңтар | Мамыр | Шілде | Қазан | Қараша | Желтоқсан

Тарихи қалдықтарды басқару жөніндегі қызметтің Арнайы құқық тізіліміне енгізу.
2022 жылға арналған жылдық қаржылық есептілікті шығару

«ӨДҚ» АҚ-мен 20 млрд теңге сомасына қарыз келісімшартын жасасу

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды төлемдер жасау арқылы ұйымдастыруға өндірушілерден және импорттаушылардан келіп түскен ақшаны оның банктік шотына жіберу қағидаларын бекіту

Болашақ кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар

Қалдықтарды қайта өңдеу қажеттілігін талдау, инвестиция тарту және осы салаға технологиялар трансферті бойынша жұмыстар ұйымдастырылады. Бірінші кезекте, Қазақстанда, қазіргі уақытта өңдеу қуаты жоқ немесе жеткіліксіз қалдықтардың түрлерін өңдеуге назар аударылатын болады.

01 ПШКҚ және ПШӨЖАШТ кәдеге жарату бағдарламасын жаңарту, оның ішінде ескі көлік пен техниканы кәдеге жаратуға тапсырғаны үшін ПШКҚ және (немесе) ПШӨЖАШТ иелеріне жеңілдікті сертификаттар беру

02 Қаптама қалдықтарын жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру үшін автоматтандырылған ақпараттық жүйені іске қосу, сондай-ақ онда қалдықтардың жаңа түрлері – автокомпоненттердің (пайдаланылған шиналар, майлар мен аккумуляторлар) қалдықтары енгізілетін болады

03 Өндірушілердің (импорттаушылардың) кәдеге жарату төлемін дұрыс есептеуін, толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында Қоғамның ақпараттық жүйелерін мемлекеттік органдардың, екінші деңгейдегі банктердің, сондай-ақ автөндірушілердің ақпараттық жүйелерімен интеграциялауды жүзеге асыру

04 ӨКМ және оның (тауарлардың) қаптамалары қолданылатын кәсіпорындарға, өнім (тауарлар) қалдықтарын жинаушылар мен қайта өңдеушілер мен кәдеге жаратушыларға төлемдер жөніндегі жұмысты қайта бастау, өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру

05 Қайтарымдылық негізде қаржыландыру көлемі:

- 185 млрд теңге, оның аясында Қазақстан бойынша қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жаңа зауыттар, сұрыптау желілері салынады және қалдықтарды жинаумен, сұрыптаумен және өңдеумен айналысатын жұмыс істеп тұрған компаниялар жаңартылады, өңірлерде қалдықтарды шығару үшін арнайы техника сатып алынады, оның ішінде: қуаттылығы жылына 3 млн тонна қалдықтарды сұрыптайтын 21 желі және қуаттылығы жылына 1,2 млн тонна 45 өңдеу зауыты іске қосылып, 223 бірлік арнайы техника сатып алынады. Бұл жобалар аясында 46 млрд теңгеден астам жеке инвестиция тарту және 4,5 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда
- Төтенше жағдайлар министрлігі мен Су ресурстары және ирригация министрлігіне су тасқынына қарсы шаралар үшін есеп беретін ұйымдар үшін арнайы техника сатып алуға 50 млрд теңге
- Қазақстан өңірлері үшін отандық өндірістің 350-ден астам жаңа экологиялық таза автобустарын сатып алуға 15 млрд теңге, бұл жылына 10 млн астам жолаушыны тасымалдауға мүмкіндік береді
- Орман шаруашылығы ұйымдары үшін 40 млрд теңге. Нәтижесінде, өрт сөндірушілер (ескі ГАЗ, УРАЛ 1970-1990 жж.) машиналарының орнына жаңа техниканы алады, бұл орман өрттерін жедел сөндіру және басқа арнайы шараларды жүргізу үшін қажетті тиімділікті қамтамасыз етеді

Жеңілдікті автонесиелерді қайтарымды қаржыландыру, АШТ мен автобустардың лизингі*

ЖАСЫЛ ДАМУ

180 млрд теңге







Қарыздың мақсаты	Халыққа автонесиелеу	АШТ лизингі	Автобус лизингі
Қарыз сомасы	100 млрд теңге	50 млрд теңге	30 млрд теңге
Қарыз шарттары	Мерзімі 30 жыл 0,1% мөлшерлеме	Мерзімі 15 жыл 0,1% мөлшерлеме	Мерзімі 30 жыл 0,01% мөлшерлеме
Несиелеу/ лизинг шарттары	мерзімі 7 жылға дейін жылдық 4,0% мөлшерлеме бастапқы жарна 0% несие сомасы 10 млн теңгеден аспайды	мерзімі 10 жылға дейін жылдық 6,0% мөлшерлеме бастапқы жарна 0% НБ қайтару бойынша жеңілдік кезеңі 1 жыл	мерзімі 7 жылға дейін жылдық 7% мөлшерлемесі бастапқы жарна 15% аванстық төлем кемінде 5%
2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша нәтижесі	13 347 автокөлік сатып алынды 105,8 млрд теңге берілді	1 752 АШТ бірлігі сатып алынды 67 млрд теңге берілді	364 автобус сатып алынды 16,6 млрд теңге берілді

*ҚР Үкіметінің 2.09.2021 ж. № 604 қаулысы шеңберінде

Қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу және кәдеге жарату, өрт техникасы мен орман мекемелеріне арналған техниканы сатып алу жөніндегі жобаларды қайтарымды қаржыландыру*

ЖАСЫЛ ДАМУ

200 млрд теңге







Қарыздың мақсаты	Қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу және кәдеге жарату жобалары	Орман мекемелері үшін өрт сөндіру техникасын сатып алу	Орман мекемелері үшін арнайы техника сатып алу
Қарыз сомасы	185 млрд теңге	10 млрд теңге	5 млрд теңге
Қарыз шарттары	Мерзімі 15 жыл 0,1% мөлшерлеме	Мерзімі 7 жыл 0,1% мөлшерлеме	Мерзімі 7 жыл 0,1% мөлшерлеме
Несиелеу/ лизинг шарттары	мерзімі 3 жылдан 15 жылға дейін жылдық 3,0% мөлшерлеме бастапқы жарна кемінде 20% (оның ішінде 10% ақшалай қаражат)	мерзімі 7 жылға дейін бастапқы жарна 0% 2 жылға дейінгі жеңілдік кезеңі	мерзімі 7 жылға дейін бастапқы жарна 0% 2 жылға дейінгі жеңілдік кезеңі
Күтілетін нәтиже	Қуатты арттыру: - жылына 3 млн тонна қалдықтарды сұрыптау - жылына 1,2 млн тонна қалдықтарды қайта өңдеу - 46,4 млрд теңге инвестиция тарту - 4,5 мыңнан астам жұмыс орнын құру	Орман өрттерінің пайда болуының және оларды сөндірудің алдын алуды ұйымдастыру	Жаппай санитариялық кесу жүргізу кезінде сүрек пен басқа да орман өнімдерін дайындауды, қайта өңдеуді ұйымдастыру

*ҚР Үкіметінің 2.09.2021 ж. № 604 қаулысына 7.03.2024 ж. өзгерістер шеңберінде

ҚР ТЖМ және ҚР СРИМ, орман мекемелері, автобус лизингі үшін арнайы техника сатып алу жөніндегі жобаларды қайтарымды қаржыландыру*

ЖАСЫЛ ДАМУ

90 млрд теңге







Қарыздың мақсаты	ҚР ТЖМ және ҚР СРИМ үшін арнайы техника сатып алу	Орман мекемелері үшін өрт сөндіру техникасын сатып алу	Автобус лизингі
Қарыз сомасы	50 млрд теңге	25 млрд теңге	15 млрд теңге
Қарыз шарттары	Мерзімі 15 жыл 0,1% мөлшерлеме	Мерзімі 7 жыл 0,1% мөлшерлеме	Мерзімі 30 жыл 0,01% мөлшерлеме
Несиелеу/ лизинг шарттары	мерзімі 10 жылға дейін жылдық 9,0% мөлшерлеме бастапқы жарна 0%	мерзімі 7 жылға дейін жылдық 3,0% мөлшерлеме бастапқы жарна 0%	мерзімі 7 жылға дейін жылдық 7,0% мөлшерлеме бастапқы жарна 15% аванстық төлем кемінде 5%
Күтілетін нәтиже	ҚР ТЖМ және ҚР СРИМ үшін техникалық базаны жаңарту	Орман өрттерінің пайда болуының және оларды сөндірудің алдын алуды ұйымдастыру	Автобус паркін жаңарту

* ҚР Үкіметінің 2.09.2021 ж. № 604 қаулысына 16.07.2024 ж. өзгерістер шеңберінде

Тәуекелдерді басқару жүйесі

Қоғамның тәуекелдерді басқару процесі корпоративтік мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады және стратегиялық, басқарушылық және инвестициялық шешімдер қабылдауда маңызды рөл атқарады.



Тәуекелдер тізілімі 23 анықталған тәуекелден тұрады, оның ішінде:

- **6 стратегиялық тәуекел**, Қоғамның даму стратегиясын айқындау және іске асыру, саяси ортаның, өңірлік конъюктураның, салалық құлдыраудың және жүйелік сипаттағы басқа да сыртқы факторлардың өзгеруі немесе қателіктер (кемшіліктер) салдарынан залалдардың туындау тәуекелдері.
- **2 экологиялық тәуекел**, Қоғамның негізгі мақсаттарынның орындалмау ықтималдығы, қоршаған ортадағы жағымсыз өзгерістер салдарынан табыс жоғалу немесе шығындар пайда болу тәуекелдерімен байланысты тәуекелдер.
- **5 қаржылық тәуекел**, Қоғамның капитал құрылымына, қоғамның қаржылық жағдайына, валюта бағамдарының ауытқуына және пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуына және т. б. байланысты тәуекелдер.
- **7 операциялық тәуекелдер**. Оларға қызметкерлер тарапынан жіберілген ішкі процестерді жүзеге асыру барысында кемшіліктер немесе қателіктер салдарынан, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың жұмыс істеуі (технологиялық тәуекелдер), сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан шығындардың туындау тәуекелдері жатады.
- **3 құқықтық тәуекел**, Қоғамның не контрагенттің ҚР заңнамасының талаптарын, ал ҚР бейрезидентімен қарым-қатынаста – оның шыққан елінің заңнамасын, сондай-ақ жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы салдарынан табыстың жоғалу ықтималдығын немесе шығындардың туындау ықтималдығын, сот іс-әрекеттерін көрсететін құқықтық тәуекелдер.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



ШӘРБИЕВ Нұркен Қожамұратұлы
«Жасыл даму» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, ҚР ЭТРМ вице-министрі



ТАШЕНЕВ Бақытбек Хакимұлы
ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы



СӘРСЕНБАЙ Ержан Нұрланұлы
«Жасыл даму» АҚ Басқарма төрағасы



ШАЕКИН Рауан Михайлович
Тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы



ОМАРОВ Қамбар Тәтібайұлы
Тәуелсіз директор, Аудит және тәуекелдерді басқару комитетінің төрағасы



ШІЛДЕБАЕВА Әсел Дулатқызы
Тәуелсіз директор, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетінің төрағасы

Қоғамның Директорлар кеңесі **14 күндізгі отырыс және 2 сырттай отырыс** өткізді, онда **112 мәселе қаралды**

Стратегиялық жоспарлау комитеті **12 отырыс**
Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті **11 отырыс**
Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті **10 отырыс өткізілді**

Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен Директорлар Кеңесі құрамындағы өкілеттіктерін тоқтатты:
- 2023 жылғы 13 ақпанда Сүлейменова Зүлфия Болатқызы – Жалғыз акционердің өкілі, Директорлар кеңесінің төрағасы (мерзімінен бұрын)
- 2023 жылғы 16 ақпанда Әйімбетов Сейітсұлтан Сүлейменұлы - Директорлар кеңесінің мүшесі (мерзімінен бұрын)
- 2023 жылғы 8 маусымда Бекмағамбетов Досбол Боташұлы – Жалғыз акционердің өкілі, Директорлар кеңесінің төрағасы (мерзімінен бұрын)

БАСҚАРМА



СӘРСЕНБАЙ Ержан Нұрланұлы

«Жасыл даму» АҚ Басқарма төрағасы

1980 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы

Білімі: Жоғары экономикалық және заңгерлік.

Жұмыс тәжірибесі Мемлекеттік басқару жүйесінде, квазимемлекеттік секторда 22 жылдан астам тәжірибесі бар

Жетекшілік ететін мәселелер:

- Басқарманы басқарады, Басқарма отырыстарына бастамашылық етеді;
- Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- Қоғамның атынан сенімхатсыз үшінші тұлғалармен әрекет етеді, оның ішінде Қоғамның атынан (сенімхатсыз) операциялар мен мәмілелер жасайды, мемлекеттік, халықаралық, қаржылық және басқа да ұйымдарда Қоғамның мүдделерін қорғайды;
- Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында оның өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- ұйымдық-өкімдік, әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын Басқарма мүшелері, қызметкерлер арасында өкілеттіктерді, сондай-ақ жауапкершілік салаларын бөледі
- **Үлестес ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі:** иелік етпейді.

Басқарма «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен, ҚР өзге де заңнамалық актілерімен және Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғалардың құзыретіне кірмейтін Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы

Басқарма мүшелері құрамындағы өкілеттіктерін тоқтатты:
-Мамыр 2023 ж. Токсеитов Н.А.- Басқарма төрағасының орынбасары
-Қазан 2023 ж. Абайділдин А.Т. – Басқарма төрағасының орынбасары

✔ 2023 жылы Басқарманың **67 отырысы өткізіліп** және **310 мәселе қаралды**

БАСҚАРМА



ҚАБДОЛДАНОВ Нұржан Кеңесбайұлы

«Жасыл даму» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары

1978 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы

Білімі: Жоғары құқықтық және экономикалық.

Жұмыс тәжірибесі Мемлекеттік басқару жүйесінде, квазимемлекеттік секторда және коммерциялық ұйымдарда 25 жылдан астам.

Жетекшілік ететін мәселелер:

- сот шешімі бойынша республикалық меншікке түскен иесіз қауіпті қалдықтарды басқару;
- Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері;
- климаттың өзгеруі және парниктік газдар шығарындыларын реттеу.

Үлестес ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі: иелік етпейді.



ДОСЫМБЕКОВ Данияр Құттыбекұлы

«Жасыл даму» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары

1981 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы

Білімі: Жоғары заңгерлік, мемлекеттік басқару магистрі.

Жұмыс тәжірибесі Мемлекеттік қызметтегі әртүрлі лауазымдарда 20 жылдан астам.

Жетекшілік ететін мәселелер:

- Қоғам қызметін құқықтық сүйемелдеу;
- Қоғамның талап-арыз жұмысы;
- Қоғамның адами ресурстарын басқару.

Үлестес ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі: иелік етпейді.

БАСҚАРМА



ДИКАНБАЕВА Малика Жан-Козыевна

«Жасыл даму» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары

1986 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы

Білімі: Жоғары техникалық, бизнес-аналитикадағы ақпараттық жүйелер мен технологиялар магистрі.

Жұмыс тәжірибесі Квазимемлекеттік секторда 16 жылдан астам.

Жетекшілік ететін мәселелер:

- өндірушілер (импорттаушылар) ӨКМ Операторының банктік шотына аударатын кәдеге жарату төлемін жинау;
- қалдықтарды (ПШКҚ, ПШӨЖАШТ), жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру);
- ақпараттық технологиялардың, Қоғамның автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінің жұмысын ұйымдастыру және т. б.

Үлестес ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі: иелік етпейді.



ЕРНАЗАР Шынасыл Жеңісұлы

«Жасыл даму» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары

1992 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы

Білімі: Жоғары қаржы, іскерлік әкімшілік магистрі.

Жұмыс тәжірибесі Квазимемлекеттік сектор жүйесінде 10 жылдан астам.

Жетекшілік ететін мәселелер:

- экономика, қаржы, бухгалтерлік есеп жүргізу, қаржылық, салық есептіліктерін жасау және өтімділікті басқару;
- ӨКМ оператордың өз функцияларын жүзеге асыруына байланысты қызметті қаржыландыру;
- Қоғамның Даму стратегиясын әзірлеу және оны іске асыру мониторингін жүзеге асыру.

Үлестес ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі: иелік етпейді.

Ішкі аудит қызметі



Қоғамның Ішкі аудит қызметінің миссиясы (ІАҚ) тәуекелге бағытталған тәсіл негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу, ұсынымдар беру және білім алмасу арқылы Қоғамның құнын сақтау және көтеру болып табылады.

Ішкі аудиттің тәуелсіздігін және объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында ІАҚ Директорлар кеңесіне, оның жанындағы Аудит және тәуекелдерді басқару комитетіне тікелей бағынатын және соның алдында өз жұмысы туралы есеп беретін Қоғамның органы болып табылады.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғам Жарғысының нормаларына, ІАҚ туралы ережеге және Қоғамдағы ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде жаһандық Ішкі аудит институты ұсынған, Ішкі аудит кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздері (бұдан әрі – ІАКТХН) басшылыққа алады.

Ішкі аудитті жоспарлау және аудиторлық тапсырмалардың басымдығы тәуекелге бағытталған тәсіл негізінде жүзеге асырылады. Барлық аудиторлық тапсырмалар ішкі аудиттің Халықаралық кәсіби стандарттарына және Қоғамның Ішкі аудитін ұйымдастыру ережелеріне сәйкес орындалды. ІАҚ жүргізілген аудит нәтижелері бойынша ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тиісті ұсынымдар, аудит объектілері анықтаған бұзушылықтарды жою бойынша түзету/алдын алу іс-әрекеттерінің жоспарларын әзірледі.

ІАҚ тоқсан сайынғы негізде ішкі аудит, сыртқы аудит және сыртқы бақылаушы органдардың нәтижелері бойынша ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізеді. Ішкі аудит нәтижелері және ұсынымдарды орындау туралы ақпарат Қоғамның Директорлар кеңесі қарайтын және бекітетін тоқсан сайынғы және жыл сайынғы есептіліктерде көрсетіледі. Есептілікті Директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдерді басқару комитеті алдын ала қарайды.

Қоғамның тұрақты дамуы

- Қоғам өз қызметі шеңберінде тұрақты дамудың келесі қағидаттарын басшылыққа алады: ашықтық, есептілік, айқындық, әдептік мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу.
- Қоғам сондай-ақ өз қызметінде БҰҰ жаһандық шартының қағидаттарын ұстанатынын мәлімдейді.

Қоғам ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Тұрақты дамудың экономикалық компонентінің принциптері	Тұрақты дамудың экологиялық компонентінің принциптері	Тұрақты дамудың әлеуметтік компонентінің принциптері
• Жалғыз акционердің мүдделерін қамтамасыз ету; • бизнес-процестердің тиімділігін арттыру; • қалдықтарды басқару саласында және сабақтас салаларда неғұрлым жетілдірілген технологияларды дамытуға қаражат бағыттау; • қалдықтарды басқару саласында және сабақтас салаларда жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал ету.	• биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсер етуді барынша азайту; • табиғи ресурстарды пайдалануды азайту; • экологиялық, энергия және материал үнемдеу технологияларын қолдану; • қалдықтарды барынша азайту, қалдықтарды қайта өңдеу.	• ашық конкурстық рәсімдерді және жұмысқа орналасу үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету; • әділ сыйақы және жұмысшылардың құқықтарын сақтау; • еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жұмысшылардың денсаулығын сақтау; • қызметкерлердің жеке және кәсіптік дамуы; • персоналға арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру.

HR менеджментінің тиімділігі

2023 жылы сыртқы платформаны пайдалана отырып, Қоғам қызметкерлерінің қатысу және қанағаттану деңгейін бағалау үшін қорытынды сауалнамалар жүргізілді.

Қорытынды сауалнамаларға қатысқандар:

- қатысуды бағалау бойынша Қоғамның 112 қызметкері (қызметкерлердің нақты жалпы санының 85%),
- қанағаттанушылықты бағалау бойынша - Қоғамның 111 қызметкері (қызметкерлердің нақты жалпы санының 84%).

2023 жылға арналған қатысу деңгейінің индексі 84% құрайды.

Басшылыққа 3-қосымшадағы нәтижелерді түсіндіруге сәйкес, 80 – 100% дейінгі көрсеткіш, қызметкерлердің қатысу деңгейі жоғары болып саналады. Осы категориядағы қызметкерлер әдетте компанияға деген адалдық сезімін, мақсаттарға жетуге деген ынтасы мен өз жұмысын орындаудан қуаныш сезімін білдіреді. Олар компания өміріне белсенді қатысып, жаңа идеялар ұсынуға дайын және ең жақсы нәтижеге жетуге ұмтылады.

2023 жылғы қанағаттану деңгейінің индексі 82% құрайды.

Басшылыққа 3-қосымшадағы нәтижелерді түсіндіруге сәйкес, 80 – 100% дейінгі көрсеткіш қанағаттанудың жоғары деңгейі болып саналады. Қызметкерлер өз жұмыстарымен және еңбек жағдайларымен толық қанағаттанған. Бұл жақсы корпоративтік мәдениетті, ұжымдағы сенім деңгейі мен мотивацияны көрсетуі мүмкін.

2023 жылы Директорлар кеңесінің тапсырмасы аясында лауазымдарды грейдтік жүйе енгізу жобасы іске асырылды. Сонымен қатар, ішкі әділеттілік пен сыртқы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін, Қоғам менеджменті лауазымдарды грейдтік жүйе негізінде еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу бойынша жұмыс жүргізді.

Осыған байланысты, 2023 жылы қолданыстағы еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру жүйесін жетілдіру жолымен Қоғамның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге жәрдемдесу мақсатында басшы қызметкерлердің, Қоғамның Директорлар кеңесі мен Қоғам басқармасына есеп беретін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу, қызметін бағалау, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау мәселелерін реттейтін ішкі нормативтік актілер өзектендірілді.

Қоғамның кадр саясаты келешегінен үміт күттіретін, дарынды мамандарды тартуға, олардың әлеуетін көтеріп және оларды Қоғамда ұстап қалуға, сондай-ақ қызметкерлер өзін-өзі дамытуға, корпоративтік құндылықтарға сәйкес келуге, табысты жұмыс істеу үшін талап етілетін жаңа құзыреттерді алуға ұмтылатын тиісті ортаны қалыптастыруға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Қоғамның Комплаенс қызметі директорлар кеңесінің шешімімен 2022 жылдың шілдесінде алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйені ұйымдастыру және бақылау мақсатында құрылған. 2023 жылдың ішінде Қызмет жаңа басшының тағайындалуы мен команда құрамын нығайтуды қоса алғанда, басшылықтағы өзгерістерді бастан өткерді.

Қоғамның Комплаенс қызметі туралы ереже «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереженің талаптарына толық сәйкес келеді.

Комплаенс-мәдениетті жетілдіру стратегиясы шеңберінде түрлі іс-шаралар өткізілді:

1. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің және Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің өкілдерімен бірлесіп, Қоғамның басшылары мен қызметкерлері үшін «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» семинарын ұйымдастыру.
2. Тоқсан сайын корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу бойынша, қызметкерлер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық бойынша, алаяқтыққа қарсы іс-қимыл және бастамашылық ақпараттандыру бойынша оқыту өткізу.
3. Комплаенс саласындағы қолданыстағы ІНА туралы хабардарлық пен білімді арттыру үшін қызметкерлерді тестілеумен ішкі порталда оқыту материалдарын әзірлеу және орналастыру.
4. 2023 жыл ішінде Комплаенс қызметі уақтылы әрекет ету мен талаптарды орындау мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамадағы өзгерістерге үздіксіз мониторинг жүргізді.

Қоғамда 2023 жылы Қоғамның лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар тіркелген жоқ

Жедел байланыс желісі:
Телефон: +7 (7172) 62 06 71
Сайт: recycle.kz
e-mail: compliance@recycle.kz

Аудиторлық қорытынды

- «SFAI Kazakhstan» ЖШС тәуелсіз аудиторының 2024 жылғы 18 наурыздағы аудиторлық қорытындысы Қоғамның 2023 жылғы қаржылық есептілігінде көрсетілген
- 2023 жылғы қаржылық есептіліктің толық нұсқасымен Қоғамның веб-сайтында танысуға болады: recycle.kz

SFAI SANTA FE ASSOCIATES INTERNATIONAL

ТОО «SFAI Kazakhstan»
пр. Аль-Фараби 13, блок 2В, офис.801
г. Алматы, 050059
Республика Казахстан
тел.: +7 (727) 317 02 25
e-mail: info@sfai.kz
www.sfai.kz

Аудиторский отчет независимого аудитора

Акционеру и Руководству АО «Жасыл даму»

Мнение

Мы провели аудит прилагаемой консолидированной финансовой отчетности АО «Жасыл даму» и его дочерних организаций - (далее – «Группа»), состоящей из консолидированного отчета о финансовом положении по состоянию на 31 декабря 2023 года, консолидированного отчета о прибыли или убытке и прочем совокупном доходе, консолидированного отчета об изменениях в капитале и консолидированного отчета о движении денежных средств за год, закончившийся на указанную дату, а также примечаний, состоящих из основных положений учетной политики и прочих пояснительных примечаний.

По нашему мнению, прилагаемая консолидированная финансовая отчетность во всех существенных аспектах достоверно отражает консолидированное финансовое положение Группы по состоянию на 31 декабря 2023 года, а также консолидированные финансовые результаты ее деятельности и консолидированное движение денежных средств за год, закончившийся на указанную дату, в соответствии с Международными стандартами финансовой отчетности (далее – «МСФО»).

Мы также предоставляем лицам, отвечающим за корпоративное управление, заявление о том, что мы соблюдали все соответствующие этические требования в отношении независимости и информировали этих лиц обо всех взаимоотношениях и прочих вопросах, которые можно обоснованно считать оказывающими влияние на независимость аудитора, а в необходимых случаях – о соответствующих мерах предосторожности.

Олжас Кунишбеков
Генеральный директор/Аудитор

Государственная лицензия на занятие аудиторской деятельностью на территории Республики Казахстан № 22001146, выданная Министерством Финансов Республики Казахстан 25 января 2022 года

Квалификационное свидетельство аудитора № МФ0000516 от «12» января 2018 года

Бостандыкский район, проспект Аль-Фараби 13, БЦ «Нурлы-тау», блок 2В, офис 801, г. Алматы, Республика Казахстан

«18» марта 2024 года

Глоссарий

АКҚ – автокөлік құралдары

ПШӨЖАШТ – пайдаланудан шыққан өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы

ПШКҚ – пайдаланудан шыққан көлік құралдары

ЭТРМ - Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі

Қоғам – «Жасыл даму» АҚ

ҚР – Қазақстан Республикасы

ӨКМ – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері

Стокгольм конвенциясы – ТОЛ туралы Стокгольм конвенциясы (Стокгольм, 2001 жылғы 22 мамыр), ҚР 2007 жылғы 7 маусымдағы № 259 Заңымен ратификацияланған

ӨЖАШТ – өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы

ҚТҚ – қатты тұрмыстық қалдықтар

КҚ – көлік құралдары

ЭҚС – электрлік қуаттау станциялары

ҚР ЭК – Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі